

Болдурукова Н.Б.,
Жанатаева У.К.

**Қазақстандағы қазіргі
қытайлық көші-қонын
зерттеуде қолданылатын
ғылыми тұжырымдамалар**

Мақалада қытай көші-қонын зерттеудің теориялық аспектілері қарастырылады. Қазақстандағы қазіргі заманғы қытайлық көші-қон үдерісі өз сипатына қарай қалыптасып қойған халықаралық көші-қон заңдылықтарына сәйкес келеді. Бұл заңдылықтар миграциялық тұжырымдамаларда көрініс тапқан және олардың көбісі екі ел арасындағы көші-қон үдерістерін зерттеуде қолданыла алады. Мақалада автор Қазақстандағы қытайлық көші-қон үдерістерін түсіндіруді миграциялық тұжырымдамалар тұрғысынан зерттеуге тырысты.

Түйін сөздер: көші-қон, қытайлық мигранттар, хуацяо.

Boldurukova N.B.,
Zhanatayeva U.K.

**Conceptual approaches to
studying migration used to
contemporary Chinese migration
to Kazakhstan**

The article discusses the theoretical aspects of the studying of Chinese migration. Characteristics of migration from China to Kazakhstan is suitable to theory of international migration. These patterns was researched in migration concepts, and will not be an exaggeration to say that most of them are applicable to case of these two countries. The author tries to explain the current trends in Chinese migration to Kazakhstan through the prism of conceptual approaches to the studying of migration processes.

Key words: migration, Chinese migrants, Huaqiao.

Болдурукова Н.Б.,
Жанатаева У.К.

**Научные подходы к изучению
миграции в применении
к современной китайской
миграции в Казахстан**

В статье рассматриваются теоретические аспекты изучения китайской миграции. Современная миграция из Китая в Казахстан по своим характеристикам вполне вписывается в сформировавшиеся закономерности международной миграции. Эти закономерности выявлены многочисленными миграционными концепциями, и не будет преувеличением сказать, что большинство из них применимо к конкретному случаю этих двух стран. В статье автор предпринял попытку объяснить современные тенденции китайской миграции в Казахстан через призму концептуальных подходов в изучении миграционных процессов.

Ключевые слова: миграция, китайские мигранты, хуацяо.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙЛЫҚ
КӨШІ-ҚОНЫН
ЗЕРТТЕУДЕ
ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ҒЫЛЫМИ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛАР**

Сағат сайын емес, секунд сайын өзгеріп отыратын жаһандану заманында көші-қон үдерісі ұлғая түсіп, миграциялық ағындардың да түрі көбейе түседі. Халықаралық миграцияны зерттеу қазіргі уақытта өзекті болып, көптеген елдердің зертеушілерінің баста назарында.

Көші-қон өз табиғатына қарай қоғамдық құбылыс сияқты, себебі оны қоғамдық, әлеуметтік, гуманитарлық, нақты ғылымдар тұрғысынан жан-жақты зерттеуді талап етеді. Осыған орай миграцияны зерттеуде философия, психология, география, демография, тарих, экономика, саясаттану, құқық пәндерінің әдістері қолданылады.

Миграцияның жан-жақты зерттелуінен, ол туралы түсінік те әр ғылымның өз тұрғысынан анықталады. Негізінен, «миграция» термині латын тілінен алынған (*migratio*), орын ауыстыру, көші деген мағынаны білдіреді. Халықаралық көш-қон ұйымының анықтамасы бойынша халықаралық көші-қон дегіміз адамдардың өз туған елін немесе тұрғылықты мекендеген елінен басқа мемлекетке тұрақты немесе уақытша тұру үшін қоныс аударуы. Бұл жағдайда мигранттар халықаралық шекаралардан өтеді [1].

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 1-бабының 9-тармағына сәйкес «көші-қон – жеке тұлғалардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде қоныс аударуы» [2].

Қазақстанға Қытай көші-қоныны мәселесін зерттегенде біз тұрақты немесе уақытша Қазақстанға келген этникалық қытай мигранттарын назарға аламыз. Қытай көші қоны зерттеуде біз бұған дейін қалыптасқан ғылыми тұжырымдамаларға сүйеніп сараптама жасмаймыз.

Көш-қон үдерістерін зерттеуде көптеген ғылыми әдістер мен бағыттарды пайдаланылады. Осындай үдерістерді алғаш рет жүйелендіріп «Көші-қон заңдылықтарын» жасаған Э.Г.Равенштейн [3]. Осы көші-қон заңдылықтары миграциялық үдерістерді модельдеу мен тұжырымдаудағы кейінгі жұмыстарға да көп ықпалын тигізді. Э.Г.Равенштейн көптеген эмпирикалық материалдарға сүйеніп көші-қон үдерістеріне тән

негізгі сипаттамаларды айқындап берді. Әрине оның заңдылықтары негізінен анықтамалық сипатта болып, жалпы көші-қон құбылысының себептерін, оған әсер етуші факторларды түсіндіре алмайды. Бұған қарамастан Равенштейннің заңдылықтары осы уақытқа дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ [4, 17].

Көші-қон үдерістерін зерттеуде анағұрлым толыққанды және жан-жақты классификация ұсынған ресейлік ғалым В.И.Ионцев. Ол көші-қон бойынша жинақталған әлемдік зерттеулерге сүйене отырып көші-қон үдерісін зерттеудің 45 ғылыми тұжырымдама мен теориялардан тұратын 17 бағыт (экономикалық, демографиялық, әлеуметтанулық, миграциялық, географиялық, этнографиялық, тарихи, генетикалық, биологиялық, этнографиялық, философиялық, заң, саяси және т.б.) анықтады [5, 19].

Көші-қон үдерістерінің күрделілігі, жан-жақтылығы үшін тек бір ғана ғылым не бір ғана тұжырым аясында түсіндіру мүмкін емес, сондықтан бұл бағытта жан-жақты жүйелілік әдісін қолдану керек.

Қазіргі уақыттағы Қытайдан Қазақстанға көші-қон үдерісі өз сипаты бойынша (экономикалық ықпалы, еңбек мигранттары, бизнес-мигранттар, т.б.) халықаралық миграцияның қалыптасқан заңдылықтарына сәйкес келеді. Бұл заңдылықтарды көптеген авторлар зерттеген, осы бағыттардың біразы нақты біздің тақырып бойынша қолданылуына болады.

Көші-қонның неоклассикалық теориясы бойынша еңбек миграциясының басты себебі аймақтар арасында еңбек ақы төлеудегі айырмашылықтар болып отыр. Еңбек ақыдағы осындай айырмашылықтар жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың географиялық ерекшеліктеріне байланысты. Бірақ басқа да факторлар, мысалы еңбек өнімділігі, жұмысшылардың ұйымдастырушылық деңгейі сияқты шарттар да маңызды рөл атқарады (М. Фридман, П. Самуэльсон, Borjas, 1989; Massey и др, 1993, 1998; Бауэр и Циммерман, 1995). Осылайша, нарықтағы жұмыс күшіне сұраныс және тиісті еңбек ақы көші-қонның тартымды факторының бірі болып табылады. Біздің жағдайда бұл Қазақстандағы еңбек жағдайларының салыстырмалы түрде жақсы болуы, жоғары еңбек ақы сияқты себептер қытайлық мигранттардың келуіне септігін тигізеді.

Сонымен қатар осы теорияның тағы бір сипаттарының бірі – «пайда» табу. Қытайдың философиялық және саяси ілімдерінде «пайда» түсінігі маңызды орын алады. Қазіргі уақытта

бұл Қытайдың Қазақстанға инвестиция салуы арқылы, оны бірнеше есе қайтарып алу, мигранттардың жеке пайдасында көрініс таба алады.

Қытай ойшылы, стратег атакты Сунь Цзы «Соғыс өнері» кітабында «是故始如處女，敵人開戶，後如脫兔，敵不及拒» (Shì gù shǐ rú chū nǚ, dí rén kāi hù, hòu rú tuō tù, dí bù jí jù) делінген. Жалпы мағынасы «Алдымен бейкүнә қыз бол – сонда жау есігін ашады, сосын ұмтылған қояндай бол – жау қорғанып үлгере алмайды» [6, 89], яғни өз мақсатына жетуде айланы жақсы пайдалана білу керек. Негізінен мыңжылдық бойы қалыптасқан дәстүрлі принциптерді қазіргі Қытай басшылары өз саяси қызметінде жақсы пайдаланады.

Осылайша көші-қонды зерттеудегі экономикалық бағыт пен оған қатысты теорияларға сәйкес, мигранттар өз елдерінде де келген елінде де еңбек нарығындағы жұмыс күшінің сұранысы мен қажеттілігіне тәуелді. Мигранттарға өзіне тиімді, пайдалырақ болатын орындарға ұмтылу тән.

Push&pull факторлар теориясы көші-қон себептерін зерттеуде ерекше рөл атқарады. Алғаш рет бұл теорияны 1966 жылы Э. Ли жазған [7, 47-57]. Оның теориясы көші-қонды өз елінен итеретін (push) және келген еліне тартатын (pull) факторлар тұрғысынан түсіндірді. Итеретін факторларға экономикалық (жұмыссыздық, төменгі кіріс, салық көлемі жоғары); әлеуметтік, саяси «дискриминация, кедейшілік, ар-ұят пен дін бостандығын шектеу, соғыс және т.б.», қолайсыз ауа-райы және т.б. жатқызады. Бірақ Э.Лидың байқауынша көші-қон селективті құбылыс, себебі бірдей факторлар әр түрлі адамдарға әр түрлі әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, тартымды факторлар негізінен жоғары білікті мамандарға көбірек әсер етеді, себебі оларға жоғары мобильділік тән. А біліктілігі төмен мамандарға керісінше итеретін (негативті) факторлар көбірек әсер етеді. Э. Ли теориясында экономикалық факторларға көп көңіл бөлініп, экономикалық емес факторлар тыс қалып қойған [4]. Бұған қарамастан осы теория қазіргі уақыттағы ғылыми және сараптамалық зерттеулерде көп қолданылады.

Біздің қарастырып отырған тақырыбымызда push&pull факторлар теориясы қытай миграциясының себептерін түсіндіруде пайдаланылады. Қытайларды итеретін факторлар ретінде ең алдымен экономикалық себептерді атаймыз. Ауқатты өмірге ұмтылу, жоғары еңбек ақы, еңбек жағдайларының қолайлылығы Қытайдан эмиграциялау туралы шешім

жасауда маңызды рөл атқарады. Қытайдың демографиялық саясаты, қытайлықтарды шетелге эмиграциялауын ынталандыруы, экологиялық жағдай және т.б. да өз әсерін тигізеді. Осы теорияға сәкес біз еліміздегі инвестициялық ортаны, энергоресурстар мен шикізат әлеуетін, қолайлы ауа-рацы және т.б. қытай мигранттарын Қазақстанға келуіне тартымды факторлар деп білеміз.

Неомальтузиандық. Қытайда бала туу көрсеткішін шектеу итеретін факторлар ретінде қарастырдық. Осы тұрғыда В.И.Ионцев неомальтузиандықты көші-қон үдерістерін зерттеу бағыты ретінде қарастырады. Неомальтузиандық «халық оптимумы» тұжырымдамасы идеясын Т.Мальтус ұсынған. Жер бетінде халық саны көп болған сайын, жер ресурстарының азаюы мүмкін. Жер бүкіл халықты асырай алмайды дейді. Ол бала тууды реттеу және некеге отыруды шектеуді ұсынды. Халық санын азайту мен шектеуде соғыс, эпидемия сияқты қатаң шаралар туралы айтқан болатын Осылайша, Мальтус әлемдегі халық саны мен Жер ресурстарының кері пропорционалды екенін түсіндірді. Әрине, мальтузиандық идеялар адамгершілікке қайшы деп танылғанымен, ғылыми ортада қашанда өз маңыздылығын жоғалтқан емес. Мальтус тұжырымдамасы уақыт өте келе өзгеріске ұшырап, XIX ғасырдың 2-жартысы — XX ғ. басында неомальтузиандық бағыты дамиды. Бұл бағыт өкілдері адамның түсінігінде «ұрпақ тарату» мақсатын ығыстыру арқылы халық санын қысқартуға болады деген. Бұл жерде әкімшілік қатаң шектеу шараларын да қолдануға болатынын жазды. Неомальтузиандық бағыты өкілдері (Ф. Плейс, Р.Д. Оуэн, Ч. Дриздейт, Ч. Врэдлоу, А. Безант, Ч. Ноултон) адамдардың психологиясына ықпал ету арқылы бала тууды бақылауды ұсынды [8, 314].

Егер Мальтусың, одан кейін неомальтузиандық идеялар бүкіл Жер бетінде халық санының көбеюін айтып, макро-деңгейде халық санын азайтудағы әр түрлі шараларды атады. Ал біз микро-деңгейде Қытайдағы демографиялық саясат, халық санын шектеу, эмиграцияны ынталандыру сияқты мәселелерді осы тұжырым арқылы түсіндіре аламыз.

Жаһандық үдерістердің қарқынды жүруімен Трансұлттық компаниялар ықпалы артып, халықаралық миграция ағындары жиілей түседі.

Мигранттар мен өз елдерінде қалған туыстары арасындағы байланыс өзіндік бір қауымдастықтың құрылуына әкеледі. Қазіргі мигранттар «трансмигранттар» ретінде қарастырылады. Себебі олар екі ел арасында отбасылық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, діни, ұйымдастырушылық байланыстарды дамытады. Мигранттардың трансұлттық байланыстарын бес «Т»: ақша аударымдары (transfers), сауды (trade), көлік (transport), телекоммуникация (telecommunications), туризм (tourism) деп анықтайды [9, 50-57].

Транснационализм теориясын алғаш рет миграцияға қатысты қолданған америкалық ғалым Н.Шиллер, ол диаспоралар мен мигранттардың әлеуетін түсіндірді [10]. Бүгінгі таңда шетелдегі қытайлар барған елдерінде әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық өміріне қатысуы, инвестициялық әлеует, байланыс құралдарының, инфрақұрылымдарының, технология мен білім алмасу тұрғысынан жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Трансұлттық бағыт арқылы біз қытай мигранттарының бүкіл әлемдік қауымдастығын, олардың тарихи отанымен байланысын түсіндіреміз. Яғни жаңа елде тұрғанымен толықтай ассимиляцияға ұшырамай, керісінше өзінің этникалық болмысын сақтап, тарихи отанымен байланысын берік болуы осы тұрғыдан түсіндіріледі. Сонымен қатар олар жаңа елдің экономикалық дамуына да қатысады. Осылайша, трансмигранттар екі ел арасындағы дәнекер ролін атқарады.

Жоғарыда атап өткендей көші-қон үдерістерін зерттеуде тек бір ғана тұжырым аясында қарастыру мүмкін емес. Бұл жан-жақты кешенде талдауды қажет етеді. Қазақстанға қытайлық көші-қонның әсерін зерттеуде де көптеген ғылыми әдістерді қолдануға болады. Осы тақырыптың өзектілігі уақыт өте келе арта түсуде. Мигранттардың қабылдаушы қоғамда бейімделуі, қоғамдық пікір қалыптастырудағы миграциялық фактор сияқты көптеген бағыттар әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Автор осы тақырыптарды болашақ зерттеулердің еншісіне қалдырады.

Әдебиеттер

1 Справочник по терминологии в области миграции. MOM, 2011 chrome-extension://ecnpHlgnajanjnkmbpancdjoid-ceilk/http://www.iom.kz/images/books/Handbook_on_Migration_Terminology.pdf

- 2 Закон Республики Казахстан «О миграции населения» (с изменениями и дополнениями по состоянию на О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам миграции и занятости населения Закон Республики Казахстан от 24 ноября 2015 года № 421-V ЗРК.)
- 3 Ravenstein E.G. The Laws of Migration. Ayer Company Publishers, Incorporated, 1976 - P.138
- 4 Абылкаликов С. И., Винник М. В. Экономические теории миграции: рабочая сила и рынок труда //Бизнес.Общество.Власть/ Научно-учебная лаборатория исследований в области бизнес-коммуникаций Национального исследовательского университета «Высшая школа экономики», № 12.Москва. 2012.
- 5 Ионцев В. А. Международная миграция населения: теория и история изучения. — М.: Диалог-МГУ, 1999
- 6 Сунь-цзы. Искусство войны. — М.: Астрель, 2015.-192.
- 7 Lee, E. S. (1966). A Theory of Migration. Demography, 3(1).
- 8 Социальная политика: Энциклопедический словарь / Под общ. ред. д. э. н., проф. Н.А. Волгина; отв. ред. д. ф. н. Т.С. Сулимова. М.: Академический Проект; Трикста, 2005. 688 с
- 9 Г. Глушенко . Транснационализм мигрантов и перспективы глобального развития . Журнал “Мировая экономика и международные отношения” №12, 2005
- 10 From Immigrant to Transmigrant: Theorizing Transnational Migration. Nina Glick Schiller, Linda Basch and Cristina Szanton Blanc Anthropological Quarterly Vol. 68, No. 1 (Jan., 1995), pp. 48-63 http://www.jstor.org/stable/3317464?seq=3#page_scan_tab_contents

References

- 1 Spravochnik po terminologii v oblasti migracii. MOM, 2011 chrome-extension://ecnpHlgnajanjnkcmbranpdjoidceilk/http://www.iom.kz/images/books/Handbook_on_Migration_Terminology.pdf
- 2 Zakon Respubliki Kazahstan «O migracii naseleniya» (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na O vnesenii izmenenij i dopolnenij v nekotorye zakonodatel'nye akty Respubliki Kazahstan po voprosam migracii i zanyatosti naseleniya Zakon Respubliki Kazahstan ot 24 noyabrya 2015 goda № 421-V ZRK.)
- 3 Ravenstein E.G. The Laws of Migration. Ayer Company Publishers, Incorporated, 1976 - P.138
- 4 Abylkalikov S. I., Vinnik M. V. EHkonomicheskie teorii migracii: rabochaya sila i rynek truda //Biznes.Obshchestvo.Vlast'/ Nauchno-uchebnaya laboratoriya issledovaniy v oblasti biznes-kommunikacij Nacional'nogo issledovatel'skogo universiteta “Vysshaya shkola ehkonomiki”, № 12.Moskva. 2012.
- 5 Ioncev V. A. Mezhdunarodnaya migraciya naseleniya: teoriya i istoriya izucheniya. — М.: Dialog-MGU, 1999
- 6 Sun'-czy. Iskusstvo vojny. — М.: Astrel', 2015.-192.
- 7 Lee, E. S. (1966). A Theory of Migration. Demography, 3(1).
- 8 Social'naya politika: EHnciklopedicheskij slovar' / Pod obshch. red. d. eh. n., prof. N.A. Volgina; отв. red. d. f. n. T.C. Sulimova. М.: AkademicheskijProekt; Triksta, 2005. 688 s
- 9 G. Glushchenko . Transnacionalizm migrantov i perspektivy global'nogo razvitiya . ZHurnal “Mirovaya ehkonomika i mezhdunarodnye otnosheniya” №12, 2005
- 10 From Immigrant to Transmigrant: Theorizing Transnational Migration. Nina Glick Schiller, Linda Basch and Cristina Szanton Blanc Anthropological Quarterly Vol. 68, No. 1 (Jan., 1995), pp. 48-63 http://www.jstor.org/stable/3317464?seq=3#page_scan_tab_contents